

кейбір қалаларында мұсылмандардың қоғамға толық араласа алмауы әлеуметтік шиеленістер мен қақтығыстарға әкеліп отыр (Bayraklı & Hafez, 2020). Мұндай ортада, әсіресе жастар мен әлеуметтік осал топтар арасында, радикализация қаупі артады (Kundnani, 2012).

- Экономикалық салдары да айқын. Исламофобия еңбек нарығындағы теңсіздікке, білім мен әлеуметтік қызметтерге қолжетімділіктің шектелуіне себеп болады. Ұлыбританияда мұсылмандардың 25%-ы дискриминация салдарынан жұмысқа тұра алмағанын немесе жұмыс орнында қысым көргенін айтқан (Modood, 2019). Бұл қоғамның экономикалық әлеуетін толық пайдалануға кедергі келтіреді. Сонымен қатар, мәдени салада теріс стереотиптердің ұрпақтан ұрпаққа берілуі көпмәдениетті диалогты әлсіретіп, әртүрлілікті шектейді.

- Психологиялық қысым мен әлеуметтік шеттету тек жеке адамдарға емес, қоғамның тұрақтылығына да қауіп төндіреді. Үздіксіз дискриминация сенімсіздікті күшейтіп, әлеуметтік шиеленісті арттырады. Осындай жағдайда радикалды және экстремистік топтар дискриминацияны өз ықпалын күшейту үшін пайдалана алады, бұл жалпы қауіпсіздікке қатер тудырады.

Исламофобияның алдын алу үшін заңдық шаралармен қатар білім беру, мәдени және қоғамдық интеграцияға бағытталған бастамалар қажет. АҚШ пен Еуропадағы кейбір қалаларда өткізілетін мәдени фестивальдер, қоғамдық диалог жобалары мен мектептердегі мультикультурализм сабақтары қоғамдағы сенімді арттырып, радикализация қаупін төмендетуге ықпал етіп отыр.

Қорытындылай келе, исламофобия – тек бір діни топқа қатысты теріс көзқарас емес, қоғамның әділеттілігі мен тұрақтылығына тікелей әсер ететін күрделі әлеуметтік мәселе. Ол жеке адамды психологиялық қысымға түсіріп, өзін қауіпсіз сезінбеуге, оқшаулануға және өз болмысын жасыруға итермелейді. Қоғам деңгейінде мұндай құбылыс сенімнің әлсіреуіне, топтар арасындағы поляризацияға, шиеленістердің күшеюіне әкеліп, кей жағдайда радикализация қаупін арттырады. Сонымен қатар, еңбек нарығы мен білім беру салаларындағы теңсіздік мұсылман азаматтардың мүмкіндігін шектеп қана қоймай, мемлекеттің жалпы экономикалық және мәдени дамуын тежейді.

Сондықтан исламофобиямен күрес бір реттік акция немесе тек заңдық шектеулермен ғана шешілетін тақырып емес. Нақты нәтиже шығуы үшін құқықтық қорғау механизмдерімен қатар білім беру арқылы стереотиптерді азайту, медиа сауаттылықты күшейту, мәдени диалог пен интеграцияны қолдайтын қоғамдық жобаларды тұрақты түрде дамыту қажет. Қоғам әртүрлілікті қауіп емес, ресурс ретінде қабылдаған кезде ғана сенім артып, әлеуметтік үйлесім күшейеді. Ал ол дегеніміз – болашақта қауіпсіз, әділетті және бір-бірін “бөтен” көрмейтін қоғамға жақындаймыз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Pew Research Center (2016, 2017, 2019). Attitudes toward Muslims and Islam.
2. Fisher M. (2021). The Spread of Anti-Muslim Narratives in Media. Journal of Media Studies. FBI Hate Crime Statistics (2002).
3. Khan S. (2019). Psychological Impacts of Islamophobia on Muslim Communities. Journal of Social Psychology.
3. Pew Research Center (2017). Being Muslim in Western Europe.
4. Kundnani, A. (2012). The Muslims Are Coming! Islamophobia, Extremism, and the Domestic War on Terror. Verso.
5. Bayraklı, E., & Hafez, F. (eds.) (2020). European Islamophobia Report 2019. SETA.
6. Modood, T. (2019). Multiculturalism, Muslims and Citizenship: A European Perspective. Routledge.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

### Серікқызы Ә.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің саясаттану және әлеуметтану кафедрасының студенті, Қазақстан  
e-mail: [abdurasuli.aliya@mail.ru](mailto:abdurasuli.aliya@mail.ru)

Ғылыми жетекшіі: қауымдастырылған профессор, т.ғ.к.

Г.А. Жумасұлтанова

XX ғасырдың соңғы онжылдығы адамзат баласының саяси тарихындағы қайталанбас тектоникалық жылжулармен сипатталады. Биполярлық әлемнің құлдырауы мен «қырғи-қабак

соғыстың» аяқталуы халықаралық қатынасты түбегейлі өзгертті, жаңа егемен елдердің пайда болуына мүмкіндік тудырды. Бұл кезең Вестфальдық жүйенің трансформациясын және жаһандық басқарудың жаңа формаларын іздеуді, идеологиядан прагматизмге ауысуды білдірді. Осы күрделі жағдайда Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялап, халықаралық қатынастарға толыққанды және тең құқылы қатысушы ретінде шығу стратегиясын қабылдады.

Еуразия материгінің стратегиялық тоғысында орналасқан Қазақстанның геосаяси статусы елімізді аймақтық шеңберден шығарып, трансқұрлықтық геосаяси және геоэкономикалық үдерістердің маңызды буынына айналдырды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап мемлекет алдында тұрған түпкілікті тандау – ішкі тұрақтылықты сақтай отырып, сыртқы әлеммен нәтижелі диалог орнату болды. Осы ретте, Қазақстан дипломатиясы «нөлдік сомалы ойын» логикасынан бас тартып, өзара тиімді ынтымақтастық пен қауіпсіздіктің бөлінбестігі принципіне негізге алды. Бұл ұстаным еліміздің халықаралық аренадағы имиджін қалыптастырып қана қоймай, оның егемен дамуының берік сыртқы саяси іргетасын қалады [1].

Келесі қарастыратын мәселе геосаяси конфигурация және қауіпсіздіктің жаңа парадигмасы. Қазақстанның геосаяси конфигурациясы – мемлекеттің даму векторын анықтайтын тағдыршешті фактор. Еуразия материгінің қақ ортасында, әлемдік саясаттың алыптары – Ресей мен Қытайдың, сондай-ақ Орталық Азияның тұрақсыз аймақтарымен шектесетін бірегей кеңістікте орналасуымыз елімізді «геосаяси торапқа» айналдырды. Бұл орналасу бір жағынан транзиттік-логистикалық орасан зор мүмкіндіктерге жол ашса, екінші жағынан ұлттық қауіпсіздік жүйесіне экзистенциалды салмақ түсіреді. XX ғасырдың соңындағы жаһандық қайта құрулар кезеңінде Қазақстан үшін ең басты стратегиялық міндет – осы күрделі географиялық орынды «геосаяси тұйықтан» «геосаяси артықшылыққа» айналдыру болды. Осы мақсатта мемлекеттің қауіпсіздік парадигмасы тек әскери доктринамен шектелмей, кең ауқымды дипломатиялық превентивті шаралар кешеніне ұласты [1].

Сонымен қатар, қауіпсіздік парадигмасының маңызды құрамдас бөлігі – ұжымдық қауіпсіздік механизмдерін тиімді пайдалану. Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) аясында әскери-саяси тұрақтылықты нығайтса, Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) шеңберінде трансұлттық қатерлермен, атап айтқанда экстремизм, терроризм және есірткі тасымалымен күрестің алдыңғы шебінде келеді. Бұл көпжақты құрылымдар Қазақстанға аймақтық деңгейдегі геосаяси турбуленттілікке қарсы тұруға және ұлттық мүдделерді ұжымдық деңгейде қорғауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, еліміздің геосаяси конфигурациясы тек географиялық дерек емес, ол үнемі динамикалық дамуды, икемділікті және стратегиялық көрегендікті талап ететін күрделі саяси процесс болып табылады. Егемендіктің алғашқы күнінен бастап қабылданған бұл бағыт Қазақстанды жаһандық державалардың «ойыншығы» емес, халықаралық процестердің дербес әрі салмақты «ойыншысы» ретінде орнықтырды [2, б.73].

Прагматизм мен стратегиялық баланс туралы айта кетсек, Қазақстан дипломатиясының ең басты доктриналық ерекшелігі әрі табысты моделі – оның көпвекторлы сипаты. Бұл концепция жай ғана саяси тандау емес, ол Қазақстанның географиялық тұйықтығы мен ірі державалар арасындағы орналасуынан туындаған экзистенциалды қажеттілік. Көпвекторлылық – әлемдік күш орталықтарымен ешқайсысына эксклюзивті басымдық бермей, барлығымен тең дәрежелі, өзара тиімді және болжамды диалог орнатуды көздейді. Бұл модель мемлекетке жаһандық қайшылықтар кезінде «соққы жұтқыш» (buffer) рөлін атқаруға және ұлттық мүддені саудаға салмай, сыртқы капиталды тартуға мүмкіндік берді [3, б.58].

Ресей Федерациясымен қарым-қатынас Қазақстан үшін тарихи, географиялық және экономикалық тұрғыдан стратегиялық басымдыққа ие. Екі ел арасындағы әлемдегі ең ұзын үздіксіз құрлықтық шекара (7500 шақырымнан астам) тату көршілік пен одақтастықтың берік болуын талап етеді. Қазақстан Ресеймен Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) шеңберінде ортақ нарық қалыптастырып, ҰҚШҰ аясында ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде. Бұл бағыт еліміздің солтүстік шебінің тұрақтылығын және ресейлік транзиттік дәліздерге еркін шығуын кепілдендіреді.

Келесі ол Шығыс векторы Қытаймен стратегиялық серіктестік. Қытай Халық Республикасымен қарым-қатынас Қазақстанның экономикалық модернизациясының қуатты қозғалтқышына айналды. «Мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестік» деңгейіне көтерілген бұл байланыс – инвестициялық ағын мен технологиялық трансферттің негізгі көзі. Қазақстан Қытайдың жаһандық «Бір белдеу – бір жол» бастамасының басты операторына айналып, Ляньюньган портындағы терминал мен «Қорғас» құрлықтық порты арқылы Тынық мұхитына шығу мүмкіндігін алды. Бұл бағыт шикізаттық емес секторды дамытуға және өңдеу өнеркәсібіне қытайлық капиталды тартуға бағытталған.

Еуропалық Одақ (ЕО) Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі және жалпы инвестиция көлемінің жартысынан астамын қамтамасыз ететін донор-инвестор. Қазақстан – Орталық Азия елдерінің ішінде

ЕО-мен Кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған алғашқы мемлекет. Бұл вектордың маңызы – еліміздің демократиялық институттарын дамыту, құқықтық реформаларды жүргізу және еуропалық стандарттарға сай сапалы адами капиталды қалыптастыруда. Батыспен байланыс Қазақстанның халықаралық қаржы жүйесіне интеграциялануын және Астана халықаралық қаржы орталығы(АХҚО) арқылы ағылшын құқығы негізінде капитал тартуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанның транзиттік әлеуеті оның сыртқы саясатындағы маңызды стратегиялық артықшылықтардың бірі болып табылады. Геосаяси транзиттік әлеуеттің маңыздылығын талдаған А.Әбдірахманұлы: «Қазақстанның логистикалық дәліздердің, әсіресе «Бір белдеу – Бір жол» жаһандық жобасының негізгі түйіні болуы, оның әлемдік саясаттағы салмағын арттырады» деп көрсетеді [4, б.120]. Бұл бағыттың тиімділігін Қазақстан–Қытай мұнай құбыры жобасы нақты дәлелдейді. Бұл құбыр Батыс Қазақстаннан Қытай нарығына тікелей шығуды қамтамасыз етеді. Оның жылдық қуаты 20 млн тоннадан астам мұнайды жеткізуге мүмкіндік береді, яғни Қазақстанның мұнай экспортын Еуропалық бағытқа ғана емес, Азияның ірі нарығына да бағыттау арқылы бір көлік дәлізіне тәуелділікті едәуір азайтады. Бұл мемлекеттің халықаралық инвестициялық жобаларға белсенді қатысуын және транзиттік әлеуетін ұдайы арттыруын білдіреді [4, б.58].

Соңғы жылдары Қазақстанның сыртқы саясатында Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) аясындағы интеграцияға басымдық беріле бастады. Бұл бағыт – мәдени-рухани жақындықпен қатар, Түркия, Әзірбайжан және Орталық Азия елдерімен ортақ транзиттік-көліктік («Транскаспий» бағыты) және энергетикалық қауіпсіздік жүйесін құруды көздейді. Ислам әлемімен, атап айтқанда Парсы шығанағы елдерімен (Катар, Сауд Арабиясы) ынтымақтастық ауыл шаруашылығы мен мұнай-химия саласына қосымша инвестициялар тартуға жол ашты.

Қазақстанның сыртқы саясатының іргелі қағидаларының бірі – көпвекторлы бағыт болып табылады. Бұл ұстаным мемлекеттің әртүрлі геосаяси орталықтармен теңгерімді қатынас орнатуына негізделеді. Көпвекторлық тек теориялық концепция емес, нақты практикалық саясат ретінде жүзеге асырылып келеді. Қазақстан бір мезгілде Ресеймен стратегиялық әріптестік қатынасты сақтай отырып, Қытаймен сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытып, Еуропалық Одақ елдерімен инвестициялық байланыстарды нығайтты. Мысалы, Еуропалық Одақ (ЕО) Қазақстанның ең ірі сауда серіктестерінің бірі болып табылады және жалпы сыртқы сауданың шамамен 30–40%-ын құрайды. Бұл көрсеткіш еліміздің бір ғана бағытқа тәуелді емес екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, көпвекторлы саясат Қазақстанға халықаралық аренада дербес шешім қабылдау мүмкіндігін сақтауға жағдай жасайды, бұл ұлттық егемендікті нығайтудың маңызды тетігі болып саналады.

Осылайша, көпвекторлылық – Қазақстанның геосаяси «жалғыздығын» жойып, оны жаһандық дипломатиялық диалогтың алтын көпіріне айналдырды. Бұл модельдің икемділігі мемлекеттің біржақты саяси немесе экономикалық вассалдыққа түсуін болдырмай, халықаралық аренада егеменді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін басты қалқан болып қала береді [3,б.62 ].

Қазақстанның сыртқы саясатының тағы бір маңызды қыры – цифрлық дипломатияның дамуы. Қазіргі заманда ақпараттық технологиялар халықаралық қатынастарда үлкен рөл атқарады. Қазақстан бұл бағытта электронды үкімет жүйесін дамытып, халықаралық деңгейде цифрлық серіктестікті кеңейтуде. Мысалы, ел киберқауіпсіздік мәселелері бойынша халықаралық ұйымдармен бірлесіп жұмыс жүргізуде. Бұл тек ұлттық қауіпсіздікті нығайтып қана қоймай, Қазақстанның заманауи технологияларды тиімді қолдана алатын мемлекет екенін көрсетеді.

Келесі мәселе ол экономикалық дипломатия және ресурстық суверенитет. Қазіргі жаһандық бәсекелестік жағдайында экономикалық тәуелсіздік – саяси егемендіктің негізі. Қазақстан экспорттық маршруттарды әртараптандыру арқылы «географиялық тұйықтық» (landlocked) кедергісін жеңуге басымдық берді. Мысалы, Мұнай экспортын КТК (Каспий құбыр консорциумы), Қазақстан-Қытай мұнай құбыры және Транскаспий халықаралық көлік бағыты (Орта дәліз) арқылы жүзеге асыру – мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтты.

Қазақстанның бейбітшіл сыртқы саясатының айқын дәлелі – ядролық қарудан өз еркімен бас тарту шешімі. Бұл қадам әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланды және Қазақстанды жауапты мемлекет ретінде танытты. 1991 жылы Семей ядролық сынақ полигонының жабылуы тарихи маңызы зор оқиға болды. Кейіннен Қазақстан ядролық қаруды таратпау режимін нығайтуға белсенді қатысып, халықаралық бастамаларды қолдады. Мысалы, елімізде Халықаралық атом энергиясы агенттігінің төмен байытылған уран банкі орналастырылды. Бұл жоба ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады және Қазақстанның жаһандық қауіпсіздікке қосқан нақты үлесі болып табылады [6, б.76].

Сонымен қатар, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде (2017-2018 жж.) еліміз Сирия шиеленісін реттеудегі «Астана процесі» арқылы өзінің бітімгерлік әлеуетін дәлелдеді. Бұл – Қазақстанның жаһандық Олимптегі саяси салмағын арттырған тарихи сәт болды [5,б.17].

Қазақстанның сыртқы саясатының басты мәселелерінің бірі – экономикалық және саяси тәуелділіктер мен ішкі реформалардың баяу жүзеге асуы. Елдің шикізатқа тәуелділігі, экспорттық бағыттардың әртараптандырылмауы және кейбір технологиялық салалардағы артта қалуы халықаралық нарықтағы тұрақтылыққа тәуекел тудырады, ал заңнамалық және басқарушылық реформалардың кешігуі дипломатиялық және экономикалық жобаларды іске асыруда икемділікті азайтады. Мысалы, жаңа транзиттік немесе инвестициялық жобаларды жедел енгізу кезінде бюрократиялық кедергілер серіктестердің сенімін төмендетуі мүмкін, бұл сыртқы саясатты жүзеге асырудағы нақты тәуекелдерді көрсетеді. Бұны SWOT-талдау көрсетеді (1-ші кесте).

1-кесте

Қазақстанның сыртқы саясатына кешенді SWOT-талдау

<b>S-Күшті жақтары(Strengths)</b>	<b>W – Әлсіз жақтары (Weaknesses)</b>
<p>Көпвекторлы саясаттың тиімділігі – Қазақстан өз тәуелсіз шешімдерін қабылдай отырып, бірнеше бағыт бойынша теңдестірілген дипломатиялық байланыстар орната алады.</p> <p>Геосаяси орналасудың тиімділігі – Еуразияның ортасында орналасуы елді Азия мен Еуропа арасындағы стратегиялық көпірге айналдырады.</p> <p>Табиғи ресурстардың молдығы – мұнай, газ және уран қорының жеткілікті болуы сыртқы экономикалық серіктестерді тартуға мүмкіндік береді.</p> <p>Бейбітшілікке бағытталған халықаралық имидж – ядролық қарудан бас тарту, АӨСШК және Астана процесі арқылы халықаралық қауымдастықта сенімділік қалыптастырды.</p> <p>Халықаралық ұйымдардағы белсенділік – БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болғаны дипломатиялық мүмкіндіктерді кеңейтті.</p>	<p>Экономиканың шикізатқа тәуелділігі – экспорт негізінен мұнай мен газға сүйенеді, бұл тұрақтылыққа әсер етеді.</p> <p>Кейбір бағыттарда технологиялық артта қалу – жоғары технологиялық өндірістер мен цифрлық инфрақұрылым жеткіліксіз.</p> <p>Экспорт маршруттарының толық диверсификацияланбауы – бір бағытқа тәуелділік тәуекелдерді арттырады.</p> <p>Сыртқы нарықтарға тәуелділік – негізгі экспорттық серіктестердің экономикалық жағдайына байланысты тәуекелдер жоғары.</p> <p>Ішкі өндірістің жеткілікті дамымауы – отандық өндіріс әлеуетінің шектеулігі экономикалық дербестікке кедергі келтіреді.</p> <p>Саяси реформалардың баяу жүзеге асуы – ішкі басқару мен заңнамалық өзгерістердің кешігуі сыртқы саясаттағы икемділікті азайтады.</p>
<b>O – Мүмкіндіктер (Opportunities)</b>	<b>T – Қауіп-қатерлер (Threats)</b>
<p>«Орта дәліз» арқылы транзиттік әлеуетті арттыру – логистикалық бағыттарды кеңейту арқылы халықаралық сауданы күшейту.</p> <p>Жасыл энергетикаға көшу – жаңа энергетикалық нарықтарға шығу және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету.</p> <p>Халықаралық инвестицияларды көбейту – АХҚО және басқа қаржылық платформалар арқылы капитал тарту.</p> <p>Аймақтық көшбасшы болу мүмкіндігі – Орталық Азияда бейбітшілік пен экономикалық ынтымақтастықты дамыту.</p> <p>Цифрлық дипломатия мен технологиялық серіктестікті дамыту – жаңа коммуникациялық құралдар арқылы халықаралық қатынастарды жетілдіру.</p>	<p>Геосаяси шиеленістер – ірі державалардың мүдделер қақтығысы.</p> <p>Энергетикалық нарықтағы баға тұрақсыздығы – әлемдік нарықтағы өзгерістер экспорт кірістеріне әсер етеді.</p> <p>Аймақтық қауіпсіздік мәселелері – терроризм, кибершабуылдар және әскери қақтығыстар ықтималдығы.</p> <p>Киберқауіптер мен ақпараттық қысым – халықаралық ақпараттық алаңда тәуелділіктің туындауы.</p> <p>Климаттың өзгеруі және экологиялық проблемалар – табиғи ресурстардың тиімді пайдаланылмауы мен су ресурстарының тапшылығы.</p>

(Дереккөз:Қазақстан Республикасының сыртқы саясат тұжырымдамасы (2014–2020 жж.). – Астана: ҚР СІМ, 2014. – б.102)

Қорытындылай келе, Қазақстанның сыртқы саясаты – ширек ғасырдан астам уақыт бойы қалыптасқан, терең ойластырылған және ұлттық мүддеге бағытталған жүйе. Бүгінгі таңда еліміз дипломатияның жаңа формаларына – цифрлық дипломатияға, «жасыл» экономикаға және гуманитарлық «жұмсақ күшке» (soft power) көшуде. «Болашақ» бағдарламасы арқылы адами капиталды дамыту және мәдени экспортты арттыру – еліміздің ұзақ мерзімді интеллектуалдық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Жалпы қорытынды тұжырым бойынша, Қазақстанның сыртқы саясаты ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ететін кешенді жүйеге айналды. Серіктестік бағытталған стратегия елге ірі державалардың мүдделері тоғысқан аймақта теңгерімділік сақтауға мүмкіндік береді, экономикалық дипломатия арқылы инвестициялық тартымдылықты арттырады және транзиттік әлеуетті тиімді пайдалануға жағдай жасайды. Болашақта мәдени және гуманитарлық ынтымақтастықты күшейту, жасыл энергетика мен цифрлық технологияларды дамыту, сондай-ақ жаңа трансұлттық қауіптерге қарсы көпбағытты ынтымақтастықты жүзеге асыру Қазақстанның әлемдік саясаттағы беделін одан әрі нығайтып, сыртқы саясаттың тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы. [Электронды ресурс] – 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 1116 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. - Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200001116>
2. Ыдырысов Е.Ә. Қазіргі заманғы дипломатия: теория және тәжірибе. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2019. – 310 б.
3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі. Халықаралық дипломатиялық миссиялар және бейбіт келіссөздер. – Алматы: СИМ, 2022. – 150 б.
4. Әбдірахманұлы М. Қазақстанның геосаяси транзиттік әлеуеті. – Астана: Ғылым баспасы, 2018. – 150 б.
5. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана: «Деловой мир», 2017. – 508 б.
6. Тоқаев Қ.К. Белес. – Алматы: Дәуір, 2020. – 420 б.
7. Сұлтанов Б.Қ. Қазақстанның геосаяси стратегиясы және «Орта дәліз» жобасы. – Нұр-Сұлтан: КИСИ, 2021. – 215 б.

### ИНКЛЮЗИВНЫЕ ПРАКТИКИ ДОСУГА ДЛЯ ЛЮДЕЙ С НАРУШЕНИЕМ ЗРЕНИЯ

**Скок Д.А.**

студент кафедры социальной работы,  
Карагандинский национальный исследовательский университет  
им. академика Е.А. Букетова, Казахстан  
e-mail: [skok.dima2002@gmail.com](mailto:skok.dima2002@gmail.com)

*Научный руководитель:* к.п.н., ассоциированный профессор Гаркуша К.Г.

Актуальность темы. В современном обществе инклюзия становится неотъемлемым элементом развития социальной, культурной и образовательной сфер. Одним из направлений инклюзивного подхода в социокультурной сфере является организация культурно-досуговой деятельности для людей с ограничениями по зрению. Незрячие и слабовидящие люди часто сталкиваются с барьерами – физическими, информационными и социальными, препятствующими их полноценному участию в культурной жизни. Отсутствие адаптированной среды, нехватка специального подхода – все это ограничивает возможности самореализации, общения, творчества и социальной интеграции незрячих и слабовидящих людей в общество и в полноценную социальную жизнь.

В рамках данной статьи анализу подвергается опыт деятельности и инклюзивные практики организации досуга, сформировавшиеся в работе Дома культуры незрячих и слабовидящих г. Караганды, который является единственным специальным учреждением, предоставляющим возможности культурного досуга для данной категории граждан. Деятельность Дома культуры незрячих и слабовидящих г. Караганды включает проведение творческих мероприятий, фестивалей, конкурсов, организацию самодеятельных коллективов, формирование фотоотчетов о мероприятиях, что свидетельствует о системной работе по развитию творческого потенциала незрячих и слабовидящих.